

## Егіндікөл ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № а-2/27 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабына сәйкес Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Егіндікөл ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

"Егіндікөл ауданындағы халықтың мақсатты топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" 2013 жылғы 12 тамыздағы № а-8/174 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 3799 тіркелген, 2013 жылғы 16 қыркүйектегі "Егіндікөл" аудандық газетінде жарияланған);

"Егіндікөл ауданы әкімдігінің "Егіндікөл ауданындағы халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" 2013 жылғы 12 тамыздағы № а-8/174 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 20 қазандағы № а-10/239 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 4448 тіркелген, 2014 жылғы 17 қарашадағы "Егіндікөл" аудандық газетінде жарияланған);

"Мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыздық көлемінде жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № а-9/185 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3812 тіркелген, 2013 жылғы 9 қазанда аудандық "Егіндікөл" газетінде жарияланған).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А.Тайжанов*